

**1. 15 тақырып. Тәуелсіз Қазақстанда қуғын-сүргіннің тарихи зерттеулерден көрініс табуы.**

**2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері:** Кеңестік Қазақстанның қуғын-сүргін тарихына байланысты деректемелері, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін тарихи деректемелердің ғылыми мақсатта пайдаланылуы, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихының зерттелу барысы.

**3. Лекция мазмұны.** Кеңестік Қазақстан тарихының деректерін жинастыру және оларды ғылыми-жарияланымдық мақсатта пайдалану Азамат соғысының аяқталып (1918-1920), бейбіт құрылысқа көшу кезінен бастау алады. Алғашында мерзімді баспасөз материалдары мен ресми құжат үлгілеріне сұрыптау жүргізілді. 1921 жылдың тамызында Қазақ АКСР-і Ағарту халық комиссариатының Академиялық орталығы А. Байтұрсыновтың жетекшілік етуімен ел тарихы мен мәдениетінің жазба дерек көздерін жинау, зерттеу және насихаттау жөнінде ұсыныс көтерді.

Дегенмен Кеңес үкіметі жылдарында Қазақстан мұрағаттарының құжаттық қорлары әлсін-әлсін «тазалау» мен аса құпиялық бақылауға алынып отырды. Жалпы алғанда, кеңестік дәуірде жазба деректер сан жағынан әлденеше есе өскеніне қарамастан, Сталиннің кезінде және одан кейінгі кезеңде кеңес дәуіріндегі тарихтың қайнар көздеріне орны толмас зиян келтірілді.

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты құжаттар тәркіленіп, ізсіз-түзсіз жоғалып кетті. Қалған істерге «Құпия», «Ерекше құпия», «Жариялауға жатпайды» деген белгілер соғылып, олар арнаулы жабық қорларда ұсталды. КК(б)П ОАК Өлкелік Комитеті ЧК-ОГПУ-НКВД ПМ салалық мұрағаттарында Алаш қозғалысына қатысушылар, оппозициялық топтар мен жіктер, сондай-ақ әр кезеңде, әсіресе 20-жылдары республиканы ұлттық мүддесін табандылықпен қорғағандар туралы құжаттар сақталды. 20—30-жылдардың соңында бұл материалдар жаппай қуғын-сүргінге ұласқан идеологиялық науқан мен тазалаудың негізіне алынды. Қызметкер орган тарапынан тұтқындалып, «халық жауы» деген ат алысымен-ақ, тиісті қорларды тазарту жұмыстары жүргізілді және оның есіміне қатысты құжаттар алынып тасталды.

«Қазақстан тарихы» академиялық басылымының бүкіл тарихында алғаш рет жеке адамдар қалдырған деректер - мұрағаттық жеке істер материалдары, анықтамалар, хаттар, өтініш-арыздар, мемуарлар, естеліктер және басқалар кеңінен қолданыс тапты. Ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген, оның ішінде бұрынғы жабық қорлар мен арнаулы қоймаларда сақталған тұлғалар туралы материалдар сөзсіз қызығушылық тудырады. Мұрағаттық қорлардан алынған деректердің көрсеткеніндей, егер елдің жоғары басшылығының нұсқау құжаттары төменгі органдарға өзгеріссіз жетіп отырған болса, ал төменнен жоғарыға жолданған құжаттар формасы мен мазмұны жағынан айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отырған.

Қазақстан тарихы бойынша деректемелердің ендігі бір үлкен тобы кеңестік кезеңнің баспасөз жарияланымдарынан тұрады. Қазақстанда 20-жылдары жарық көрген алғашқы құжаттық-деректі басылымдар РК(б)П Жарғысы, бағдарламалық құжаттары, жекелеген нұсқаулары, Кеңес үкіметінің декреттері болды. Кеңестік кезеңде тек жекелеген құжаттарды және олардың үзінділерін, міндетті түрде берілетін таптық сипаттағы түсініктемемен бірге жариялау жолымен Алаш қозғалысына қара күйе жағылып отырды.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін тарихи деректемелерді ғылыми мақсатта пайдалануда түбірлі өзгерістерге негіз салынды.

Тарихшылар бұрын құпия болып келген құжаттарға қол жеткізді. Орталық пен жергілікті жерлердегі бұрынғы партиялық мұрағаттар жабылды. Олардың қорлары мемлекет меншігіне өтті. Бұрынғы жабық мұрағаттар мен олардың құпия сақталған құжаттарына жол ашуда халық депутаты, академик М.К. Қозыбаевтың басшылығымен 1931-1933 жылдардағы күштеп ұжымдастыру, аштық, жаппай саяси қуғын-сүргін жағдайларын зерттеу жөнінде 1991 жылдың 8 қарашасында құрылған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Комиссиясы үлкен жұмыстар атқарды. КазОАК мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» (1928 жылдың 27 тамызынан), «Кәмпескелеуге және аса ірі байлар мен жартылай феодалдарды жер аударуға қарсы әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» (1928 жылдың 13 қыркүйегінен), «Ауыл шаруашылығын қайта құруды одан әрі жалғастыру және бай-құлақтармен, ірі байлармен күрес шаралары туралы» (1930 жылдың 19 ақпанынан) қаулыларын және басқа да нормативті құжаттарын, сондай-ақ басқарушы органдардың шешімдерінің жүзеге асырылу барысын және олардың салдарларын зерттей келе, Комиссия салихалы ғылыми баяндама және қорытынды дайындады.

Осылайша тәуелсіздік жылдарында М.Қ.Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. Соңғы жылдары ол Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылы жалпы ұлттық келісім және жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылы деп жариялау туралы», «1998 жылы халық бірлігі мен сабақтастығы Жылы деп жариялау туралы» Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де қыруар жұмыстар атқарды.

**4. Оқытудың техникалық құралдары:** глоссарий, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, жазбаша, ауызша сұрау

**5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық сұрақтар, дамыта оқыту технологиясы

**6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі)**

**1-деңгейдің сұрақтары**

1. Кеңестік Қазақстанның қуғын-сүргін тарихына байланысты деректемелерін талқылаңыз

2. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін тарихи деректемелердің ғылыми мақсатта пайдаланылуын баяндаңыз

3. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихының зерттелу барысын талқылаңыз

**2-деңгейдің сұрақтары**

1. Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты құжаттардың тәркіленуін баяндаңыз

2. Кеңес үкіметі жылдарында Қазақстан мұрағаттарының құжаттық қорларын талқылаңыз

3. Кеңестік Қазақстан тарихының деректерін жинастыру және оларды ғылыми-жарияланымдық мақсатта пайдалануын жазыңыз

**3-деңгейдің сұрақтары**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылы жалпы ұлттық келісім және жапай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» талқылаңыз

2. «1998 жылы халық бірлігі мен сабақтастығы Жылы деп жариялау туралы» Мемлекеттік комиссияның шешімін талқылаңыз

3. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін тарихи деректемелерді ғылыми мақсатта пайдаланудың түбірлі өзгерістеріне баға беріңіз

**7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:** Тәуелсіз Қазақстанда қуғын-сүргіннің тарихи зерттеулерден көрініс табуы.

**8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Сейфуллин С. Тар жол, тайгак кешу. Историко-мемуарный роман. 4-е издание. А., 1977, 6-6.

2. Бочагов А. К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Қазақстане периода 1917-1919 жж. Кзыл-Орда, 1927; Алаш-Орда. Сб. документов. Сост.Н. Мартыненко. Кзыл-Орда, 1929.

3. ҚР Президентінің мұрағаты (ҚР ПМ). 141-к., 1-т., 8074-іс, 190-203-6.; Правда, 13 сәуір.

4. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. А., 2001, 210-293-6.

5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.

6. Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане (30-40-е начало 50 х. гг). – Караганда, 2000.

7. Қойгелдиев М. Жалпы халықтық қасіретті естен шығару қоғамның өзі үшін де қауіпті //Алаш айнасы.- №92. - 31 мамыр, 2011 жыл.

8. Мамраев Б.Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века. – Алматы: Ғылым, 1998. – 262 с.